

№_47 Келісім шарт

МКҚҚ «Дана» бөбекжай балабақшасының әкімшілігі , менгерушісі Ж.Арынбаева тарапынан ,бұдан былай «Әкімшілік» деп аталағы және ата-аналар Исмаилова Жибек екінші жактан, төмендегі келісім шартқа түрдү.

1. Келісім - шарт негізгі

МКҚҚ «Дана» бөбекжай балабақшасының әкімшілігі Ж.Арынбаева Амангелдікызы Раинаға орын берді , ал ата-ана Исмаилова Жибек берілген келісім шартқа сәйкес баласының «Дана» бөбекжай балабақшасында тәрбиеленуі мен тамақтануына төлем жүргізеді.

2.Келісім-шарт бойынша төлемдер мен санактар

2.1 Баланың бала бақшада тәрбиеленуі мен тамақтануының төлем ақысы бір күнтізбелік айға 5000 теңгені құрайды.

2. 2 . Төлем әр айдың 10-ына дейін жүргізілуі тиіс.

2.3 Төлем бала бақшаның есепханасына толенеді ,онда кассалық –кіріс ордері беріледі.

2.4 Төлем толық жүргізіледі, баланың тәрбиеленуі мен тамақтануына жартылай төлем ақы қабылданбайды.

2.5 Баланың тәрбиелену ақысының ішіне оның театрға , циркке , кинотеатрға бару ақысы кірмейді, ол іс –шараларға төлем болек жүргізіледі.

2.6 Бала –бақшадан себепсіз қалған жағдайда , төлем ақы есептелінеді.

2.7 Әкімшілік өз тарапынан берілген келісім шартты ата-ана баласының тәрбиеленуі, тамақтануы ақысын келесі айдың 10-ына дейін және өткен айдың ақысын төлемеген жағдайда бұзуға құқылы.

Екі жақтың құқықтары мен міндеттері

3.Әкімшілік құқықтары мен міндеттері

3.1 Әкімшілік ата –ананың төлем ақысына сәйкес, балаға күніне з рет тамақтану қызметін үсінады.

3.2 Әкімшілік –топ тәрбиеші тарапынан баланың балабақшада болу мерзімі 8.30-дан 18.30 дейінгі уақытта оның өмірімен денсаулығына жауапты.

3.3 Әкімшілік бала тәрбиешісінің қолына тапсырмаған жағдайда оның өмірімен денсаулығана жауап бермейді.

3.4 Әкімшілік , ҚР білім Министрлігі бекіткен оку жоспарына сай баланың жан-жақты дамуы үшін жағдай жасау міндетті.

3.5 Әкімшілік ата –ананың тілегі бойынша ақылы үйрмелер (ағылшын тілі ,т.б) үйымдастыра алады.

3.6 Әкімшілік баланы алкаголь ішімдігін ішкен немесе есіркені қолданған ата –анаға бермеуге құқылы.

3.7 Әкімшілік баланың бойында медициналық сырқат (педикулез, қышыма, дене қызыы.т.б) анықталған жағдайда оны балабақшага қабылдамауға құқылы.

3.8 Әкімшілік және тәрбиеші баланы ата-анасының рұқсат қағазынсыз кәмелетке толмаған отбасы мүшесіне бермеуге құқылы.

3.9 Әкімшілік баланың балабақшада зергерлік бүйымдарын жоғалтқаны үшін жауап бермейді.

4. Ата-ананың құқығы мен міндеттері.

4.1 Ата-аналар баланы балабақшага 8.30 – ден қешіктірмей әкеліп 18.30 ден кешіктірмей алып кетуі қажет.

4.2 Ата-аналар баланы балабақшага таза ұқыпты , дені сау қалыпта әкелуі тиіс.

4.3 Ата-аналар келісім – шартқа сәйкес баласының балабақшада тәрбиелену және тамактану ақысын уақытылы төлеп отыруы керек.

4.4 Тәрбиеші тәрбиеленушіні ата-аналардың қолына тапсырғаннан кейін әкімшілік және тәрбиеші оның өмірі мен денсаулығына жауп бермейді.

4.5 Бала сырқатына байланысты балабақшага келмеген жағдайда, ата-аналар ол туралы әкімшілік бір күн ішінде, ал жұқпалы аурумен ауырган жағдайда диагнозы анықталғаннан кейін сағат уақыт ішінде хабардар етуі қажет.

4.6. Балабақшага 1 ай уақыт келмеген жағдайда ата-ана баласының орнын сақтауы үшін әкімшілігі ол туралы жазбаша медициналық анықтаманы ұсынуы тиіс. Тамактану ақысы қайта саналады.

4.7 Қосымша ақылы қызметтер (ағылшын тілі) көрсетілген жағдайда ата – аналар оның төлемін уақытылы төлеуі қажет.

4.8 Ата-аналар жиналысының хаттамасына сәйкес, онда көрсетілген шығындар – балаларды туған күнімен құтықтау т.б. шығындарына қаражатты хаттамаға қол қойған мерзімнен кейінгі 30 күн ішінде тапсыру қажет.

4.9 Ата-аналар жазбаша түрде өзі туралы мәлімет тегі, аты, әкесінің аты: мекен жайы, үй сым тетігі жұмыс орны, жұмыс сым тетігі номерін беруі тиіс.

4.10 Ата-аналар балабақша мұліктеріне ұқыпты қарауы қажет.

4.11 Ата-аналар баласын балабақшадан өзі алғып кетуі керек. Баланы отбасы мүшелерінен басқа адам алатын болса және ол кәмелетке толмаған болса баласының ата-анасы ол туралы әкімшілікті жазбаша өтініш түрінде хабардар етуі қажет.

4.12 Ата-аналар іс-шараларға қатысып, өзінің ұсыныстарын енгізуге балабақшаның қоғамдық өміріне қатысуына құқылы.

5. Келісім – шарттың мерзімі.

5.1 Келісім – шарттың мерзімі:

басталуы 23 қыркүйек 2022 ж
аяқталуы 20 _____ ж

6. Талаптарды шешу тәртібі.

6.1 Келісім шартқа байланысты туындаған барлық талаптар мен келіспеушілік жағдайлар екі жақтың кездесуі арқылы шешіледі.

7. Келісім-шарттың талаптарын өзгерту.

7.1 Осы келісім-шарт екі жақтың келісімімен өзгертулуда немесе бұзылуы мүмкін. Келісім шарттың барлық өзгертулері мен толықтырылудары жазбаша түрде көрсетілген жағдайдаған жүзеге асырылады.

8. Келісім шарттың басқа талаптары.

8.1 Ата-аналарға некені бұзған және ата-ананың құқығы жоқ деген сот шешімі болмаған жағдайда әкімшілік баланы кез-келген ата-анаға беруге құқылы.

8.2 Осы келісім-шарт екі данада түзілді, екі жаққа да занды күші бар.

8.3 Балабақшаның жұмыс істеу уақыты: 8.30 дан – 18.30 ға дейін.

9. Екі жақтың мекен - жайы мен қолдары.

МКҚҚ «Дана» бөбекжай балабақшасы

Ынтымак ауылдық округі

«Үшкенір» ауылы

Ж.Арынбаева



Мусеалиева Жиберек
Жеке куәлігі Асқордат
Мекен – жайы келісім

23.09.2022 ж